

Батыр, би бабаларымыз қазақтың басын қосып, біріктіріп, бірлікпен, ынтымақты ұрпағына мұраға қалдырғандықтан, біреуді мақтап, біреуді даттауды мақсат тұтпай, білетіндерімді, қол жазбаларымен, мұражай деректерімен салыстыра отырып, ел бірлігі, ынтымағы үшін жазып, қарапайым көпшілікке, ел тірегі жастарға, келешек ұрпаққа қалдырамын.

АҒЫБАЙ МЕН СЫПАТАЙ БАТЫРЛАР АРҒЫН-ҮЙСІНДІ БІРІКТІРІП КЕТКЕН



Уағында Сыпатай батыр туралы деректерді анықтамаларды көп жинаған Бедел Сексенов 1954 жылы «Қызыл сай» ауылындағы Меңісұлы Төлембай қарияның сұрануы бойынша Сыпатайұлы Токпанбет батырдың айтқандарын жазып алған. Хат танымағандықтан ол кісінің бармағына сия жағып, қағазға бастырған. Төлембай қарияның айтқандарын келтіре кетелік.

- Көп адамдар Сыпатай батыр туралы кейде асырып, кейде кемітіп сөйлейді, ол мүлде дұрыс емес және батырдың кепкеті ұрып оңбай кететінін білмейді, «Әйтеуір Сыпатайдың тарихынан да сөйлей біледі екен», - деп айтсын деп мақтаншылық жасайды. Ал мен батырдың ұлы Токпанбет батырдың сөзін өз құлағыммен естігенімді ғана айтамын. Токпанбетті мен он төрт жасымда көрдім, қолынан ет асадым, әңгіме былай болды:

Осы Меркілік Ботбаймыз, оның ішінде Шағайдан тараған Қоңырбай боламыз. Біздің әкеміз Меңіс өте кедей адам болды, ішер асқа, киер киімге жарымадық. Мен он үш жасымнан руы Қоңырбай, Жабағы байға жылқышы болып жалдандым, інім Жолдыбай Бидас байларына қойшы болып жалданды. Сыпатайдың баласы Айтқұл

қолына кірді. Ағыбай батырдың үлкен баласы Ағыбай батыр «Бізге бұдан артық олжа жоқ» — деп қасына екі жігіт алып алпыс екі атты Сарыарқаға айдап кетті, олар тудың жығылғанына қараған жоқ. Жетпіс шамалы ауыл адамдары төбеде тұр екен, әкем (Сыпатай) екі қолын жағына тіреп: «Бұл туға қайсың шығасың енді, Ораз болғанда дұрыс болатын (ол қыздың жасауына Ташкентке кеткен) еді», - деп отыр екен. Ту тіккен төбешіктің төңірегіндегі отыз шақты үйдің (біздің ауыл) іргесін түріп қойып Абылай батырдың қолы тоңап жатқанын көргеннен соң, «туға мен шығам», - деп әкемнің алдына екі рет жүгіндім, әкем бірінші рет «жассың», - деп батасын бермей, басқа ешкім үндемеген соң екіншісінде «алдыңды бумасын, артыңнан ешкім кумасын, бар балам», - деп бата берді. Мен атқа мінгенде Жәдік руынан Жаманша және Мешітбайдың баласы Әбілқайыр ілесті, туды ұстап тұрған құла атты батырды мен сайып өткенде өзі жығылып, аты омақасып барып әзер тұрды. Ту қисайып қалды, артыңша Жаманша туды тақымына басып өте шықты, қол қашты, Шу өзенінде көпшілігі суға ақты, қырылды. Біз сайып жүріп жетпіс үш ат түсірдік, ауыл адамдары жиырма үш адамды қолға түсіріп байлапты. Оларды, тілегі бойынша әкем «суға барып су ішсін», - деп Жәдік Жанғараш батырды қосып жіберсе, су ішіп алып бәрі қашып, ұстатпай қойған соң Жанғараш бәрін өлтіріп ауылға өзі қасындағы көмекшілері бес жігітпен қайтып келіпті, әкем бұл жағдайды естіген соң «Жанқараш сенің ақырың еш нәрсе болмас, біздің ішімізде бір болыс ел болып кететін еді ғой», - деп қатты налыпты.

Келесі жылы Ағыбай батырға біз екі жүз кісімен барып бес жүз түйесін және Орақ батырды, Ағыбай батырды байлап алып қайттық. Бері шыққанда әкем «Ағыбай батырды босатындар, бір елдің басы, түйелерін алдық сол да жетер», - деген соң. Ағыбай батырды босатты. Ағыбай батыр қуғыншы шығарып біраз жерге қуды, ақыры Пірімқұлды қолға түсіріп алып қалды. Орақ батырдың жолда қолы шешіліп кетіп қарауыл болып отырған адамды өлтірді, оны көріп қойып, Ерназар батыр Орақ батырды өлтірді.

Он жеті адам болып келесі жылы Пірімқұлды әкелуге шықтым. Март айының басында Балқаштан ары өткенде ізіне түсіп, қамысқа кірген жерінен тоғыз жолбарыс ұрып алдық. Жолбарыстарды соққанда он жеті адамнан жалғыз Итаяқ мергеннен басқасы қашып менің қасыма келмеді, сонан соң «адамның аз, көбінен емес екен ғой» — деп бес-ақ адам ертіп, қалғанын тоғыз жолбарыс терісімен елге қайтарып, Сарыарқаға бардық. Шалғынбай батыр кешкі-

қойшы болып жалданды. Сыпатайдың баласы Айтқұл, оның балалары Мақыш, Имаш ауылынан Жабағының аласа бір үйір жылқысын айдап келуге және Жабағының Имашқа бересі алты жылқысын айдап барып беруге бардым.

Токпанбет батырдың елуге жаңа кірген кезі ғой деймін. Оның отырған бойы түрегеліп тұрған кісідей, құлағы жардай, саусағының біреуі біздің үш саусағымыздай, мойнының жуандығынан артына айналмаса бұрыла алмайтын.

Мен барғанда желі басында қуып жүрген бір қысырақ ту биені Токпанбет мойнындағы шұбалған арканымен тартып қалып еді бие омақаса жығылып, мойны үзіліп пышаққа ілінді. Сол ауылда үш күн болдым, жылқымен сөйлесіп қайтарғанына қарап жата бердім, ал Токпанбет сол барған күні кеште Айтқұлдың үйінде болды. Бәріміз отырып пышаққа ілінген ту биенің басын қосып асқан етті жедік, ет піскенше Токпанбет Ағыбай батырмен соғысқанын онан кейін Ағыбай-Сыпатай қалай табысып, орта жүзбен ұлы жүздің басын қосып кеткенін айтып берді. Токпанбет былай деп айтты: «Кенесарыны Қырғыздар жеңіп қолға түсіргенде мен он жеті жасар едім. Он жылдан кейін 1858 жылы ел жайлаудан түскенде Ағыбай батыр үш мың қол алып келіп, қамсыз отырған біздің ауылды ойрандады, шапты. Мен жылқыда едім, алпыс екі құр ат бөлініп (Қарақобыдан) қашып ауылға келді, артынан қуып менде келдім. Аттар келген бойда Ағыбай батырдың

лікте ауыл сыртында жүр екен, байқамай біздің қолымызға түсіп-қалды. Бір күндік жерге келгенде Шалғынбай батырмен келісіп оның өзін босаттық, ол уәдесінде тұрып аманатқа үлкен інісін ат-тонымен және бір атқа азық-түлігін артып әкеп берді.

Бір жыл өткенде Шалғынбай батыр «Токпанбет он адам болып келсін, екеуміз тізе қосып кіріспесек Ағыбай батыр бой беретін емес», - деп кісі жібергенен соң, мен он адам болып Шалғынбай батырға онбір күн жүріп бардым. Біз барғанан соң Шалғынбай батыр Ағыбай батырға хабар салды, сонда барып Ағыбай батыр «жарайды, бәрі біздің ауылға келіп түссін, сөйлесейік, ауылында сексен үшке келген бір қария бар, сол кісіні ала келсін», - деп хабар берді. Біз Шалғынбай батырдың жиырма адамымен отыз адам болып Ағыбай батырдың ауылына келдік. Ағыбай батыр үй көтертіп тіккізіп сойыс берді, біз жата бердік, әлгі Шалғынбай батыр ауылынан келген сексен үш жастағы қариямен Ағыбай батыр үйінің қасындағы биік төбеге күн шықпай шығып алып сөйлескеннен ел орынға отырғанша сөйлесті. Дәл солай етіп ертеңіне және оның ертеңіне ұдайы үш күн сөйлесті.

Бедел Сексеновтың қол жазбасынан құрастырған, шежіреші, өлкетанушы, бірнеше шежіре кітаптың және «Батыр бабаларға тағзым» атты бейне фильмнің авторы - Әшімқұл Ақпейілов (Жалғасы бар)